2021 жылға жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 249 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 наурызда № 8185 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. 2021 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Омаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы *Ж. Омаров*

2021 жылғы 4 наурыздағы № 249
қаулысына 1-қосымша

2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (пайыз) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	"Ораз Ахун ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	117	2
2	"Тұрмағамбет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	240	3
3	"АНК-Дәулет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	11	1
4	"Урумбасаров" жеке кәсіпкері	3	1
5	"Думан" жеке кәсіпкері	5	1

2021 жылғы 4 наурыздағы № 249

Қаулысына 2- қосымша

2021 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (пайыз) жұмыскерлердің тізімдік санынан
1	"Қармақшы құрылыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	14	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК